

ОӘК 37:372.8

Досжанова Гүлсара Нұржігітқызы - аға оқытушы (Алматы, ҚазККА)

ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ТІЛДЕРДІ БІЛУДІ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕЛЕР БОЙЫНША КЕШЕНДІ БАҒАЛАУ

Азаттықтың ақ таңы әрбір шаңыраққа шапағын шашқан нұрлы заманда алып елдердің алдына қарай адымдап бара жатқан егемендігіміздің ертеңі еркін ойлы, көп тілді жастарымыздың қолында, - деген сөз елбасымыздың Жолдауында айтылды. Жастық жалынымен жақсылыққа жаны құштар бүгінгі жастарымыз бұл артылған үлкен сенімді атқаруға бар күш-жігерін салуда. Бүгінде әрбір жастың ақ арманы- терең білім алу, жалғыз мақсаты- мемлекетімізді гүлдендіру, тәтті тілегі - көп тіл білу. Бір сөзбен айтқанда әлемді біліммен бағындыру. Шет тілін еркін білу - өркениетке жол бастаған еліміздің жарқын болашақты жастарының біліміне білім қосатын игі бастама. Қазіргі таңда әрбір жас өз болашағын біліммен болжайтын, арманына ақылымен жететін барлық бақыт, байлық, қазынаны ілімнен іздеген көзінде оты, жүрегінде жігері бар жан. Олар үшін ең бастысы алдыңғы қатарлы 50 алып елдердің тіршілігі, салты, тілі қызықтырады.

Жоғары мектеп жүйесінде болып жатқан өзгерістер шетел тілдерін оқыту үдерісіне жаңа өзгерістер, жаңа талаптар қоюда. Қазіргі таңда шет тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияны көп пайдалану маңызды жұмыс болып табылады. Бұл дегеніміз, тек қана жаңа техникалық құралдар ғана емес, сонымен қатар, оқытудың жаңа әдістері мен түрлері, оқыту процесіне жаңаша қарау. Шет тілді оқытудағы негізгі мақсат - шет тілді коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игеру. Шет тілі - қазіргі заманның талабына сай, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі. Қазір шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары. Тілді оқытуда интерактивтік тәсіл, ойындар, екеуаралық пікірталастар, сонымен бірге ақпараттық технология, интернет, компьютер қолданылуы [1].

Оқу жүйелерін жаңартудың негізгі міндеті - білім беруді еңбек нарығына жақындастыру.«Жеңілден қиынына қарай» дейтін принципті еске ала отырып, суреттеуден әңгімелесу, сөйлесу, ойлау типтес мәтіндерге қарай көшу керек. Мәтіндердің бұлай орналасуы дидактикалық принциптерге сай құрылған мамандыққа байланысты курстың бағдарламасының логикалық құрылымына да сай келеді. Мәтіндердің нақты тақырыптық бірізділігі арнайы курс бағдарламасы негізінде анықталады [2].

Осы мәселенің төңірегінде тілді игерудегі жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отыра, студенттердің ағылшын тіліндегі дағдыларын бағалау - кафедрадағы соңғы жылдары қолданып жүрген үрдістердің бірі.

Тілді игеру критерийлерін екі блокқа бөлеміз: теориялық және тәжірибелік.

Теориялық блокта лексико-грамматикалық материалдарды қамтитын 20 тест сұрақтары әр деңгейге байланысты беріледі. 20 сұраққа жауап бергенде 20 минут уақыт беріледі.

Егер, дұрыс жауап: 10-12 болса – D

13-15 болса – C

16-18 болса – B

19-20 болса - A

10-нан аз болса – F деп бағаланады.

Тәжірибелік блок - 4 этапты жаттығуды қамтиды: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу.

Екінші блок жұмысына 40 минут уақыт беріледі: тыңдау – 9 минут, сөйлеу - 6 минут, оқу – 15 минут, жазу – 10 минут.

Бағалауда проценттік жүйені пайдаланамыз. Elementary level (I) – 0-20%, Pre – Intermediate (II) – 21-40%, Intermediate level (III) - 41-60% -, Upper – Intermediate level (IV) – 61-80%, Advanced level (V)– 81-100%.

Егер, тілді үйренуші: 10-18% (I) 30-38% (II), 50-58% (III), 70-78% (IV), 80-88% (V) пайыздарды жинаса, онда келесі деңгейге көшеді.

Студент оқытушымен бірге жұмыс істеп оқу процесінің нағыз қатысушысы болып табылады. Бұл студенттердің өз бетінше дамуымен тікелей байланысты, сонымен қатар сабаққа дайындалған кезде студенттің шығармашылық белсендігімен, оның оқу нәтижесіне жауапкершілігімен байланысты. Ағылшын тіліне оқыту басқа пәндермен тығыз байланыста жүреді.

Оқу бағдарламасы оқу және есту әдеттерін, жазу және ауызекі сөйлеу әдеттерін дамытуға және қалыптастыруға бағытталады.

Оқуды дамытудың негізгі принциптері: студент мүмкіндігінше көп және жиі оқу қажет; студент мәтіннің құрылымын және мазмұнын түсінуі тиіс және өз ойын жеткізе алуы қажет. Тыңдауды дамытудың негізгі принциптері: студент ағылшын тілін көп естісе, онда ол ағылшын тілін жақсы түсініп, ағылшынша тез сөйлеуге үйренеді; бір мәтінді 2 немесе 3 рет тыңдауы керек; бейне материалдарды көре отыра, ол ағылшын тілі ана тілі болып есептелетін адамдардың әңгімелерін түсінуіне мүмкіндік алады. Жазу жаттығуларын жиі жасау арқылы немесе сөздік жазба жұмыстарын жиі жазу арқылы өте жақсы нәтиже шығаруға болады. Ауызекі сөйлеуде студент әр түрлі жағдайларды талқылайды, өз пікірлерін білдіреді, әңгімелеседі.

Шет тілін оқытуда интерактивті әдістемелерді қолдануға үлкен мән беріледі. Бұл әдістеменің негізі сол, оқытушының оқу процесінің басқарушысы ретінде, барлық жағдайды ескере отыра, студенттің белгілі бір бағыт бойынша екеуаралық жұмыстар істеуі, бір-бірімен ақпараттарымен ауысып, алға қойған мақсатқа жету үшін, сабақ барысының жан-жақты қарастырылғанын ескеру. Интерактивті әдістемелерді пайдалану студенттің жаңа сабақты неғұрлым жете түсінуіне үлкен әсер етеді. Бұл әдістемелер дәстүрлі түрдегі лекциялар мен семинарларда кеңінен пайдаланылады. Қазіргі таңда инновациялық әдістемелерді пайдаланудың мақсаты – студенттердің тілді білуге деген құштарлығына жан-жақты әсер ету, қызығушылығын арттыру. Интерактивті сабақта студент өз пікірін дұрыс жеткізуге, өз көзқарасымен пікірталастарға қатысып, басқа адамның пікірі мен көзқарасын тыңдап, басқа да альтернативті пікірді сыйлауға үйретеді. Осындай жұмыс нәтижесінде интерактивті сабақта әрбір студенттің өз пікірі мен көзқарасы қалыптасады [3].

Ақпараттық технологияның дамуына байланысты шет тілді үйретудің жаңа түрі - жаңа технологияларды қолдану - шет тілді үйренушінің коммуникативтік қабілетін дамытып, пәндік білімін тереңдетіп, дамытуда негізгі роль атқарады. Бұл тәсіл оқытушының да кәсіби біліктілігін арттырады. Шет тілін оқытуда ойын және ойын элементтерін қолдану-оқыту процесін жеңілдетіп, қызықты етеді. Ол оқушының материалды жеңіл меңгеруіне ықпал етеді.

Шет тілін оқытуда заманына сай көрнекі құралдар, аудио материалдар қолдану, мультимедиялық құралдарды пайдалануға үлкен мән беру керек. Сабақ барысында светотехникалық және дыбысты техникалық құралдарды (бейне магнитофон, телевизор, проектор, мультимедиялық проектор, компьютер) пайдалану студенттердің өз тілінде сөйлейтін адамдардың тілін тыңдап, оны көзбен көре отыра ақпарат алуына көмегі тиеді. Бұл жағдай студенттердің сөйлеу деңгейін жақсартуына көмектеседі. Тыңдау арқылы олар өздерінің сөйлеудегі қателерін жөндей алады. Бұл «аудирование» терминінің өзі де шет тілін тыңдап, оны түсіну деген мағына. Аудио немесе бейне кассеталарды тыңдағанда коммуникативті жаттығулар жасалу керек. Алынып отырған тапсырмалардың

жеңіл-қиындығын ескере отыра, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, диалог және монолог құрастыру сияқты жаттығулар жасалуы қажет. Бейне фильмді көріп отырып, жаңа сөз немесе сөз тіркестері кездескенде тоқтап, сол сөздерді қайталап және әрбір көріністен кейін сұрақтар қойып отырған жөн. Сабақтың қорытындысы ретінде тест сұрақтарын беріп, нәтижесін тексеріп, бағалау қажет.

Жаңа ақпараттық технологияда компьютер негізгі роль атқарады. Бүгінде Интернет жүйесі арқылы білім алудың жаңа түрі - аралықтан оқыту пайда болды. Мұнда мультимедия материалдары, электрондық оқулықтар, интерактивтік бейнеконференциялар арқылы білім алуға мүмкіндік бар. Интернет шет тілін үйренушіге көптеген мүмкіндіктер береді. Олар: ана тілі болып саналатын шет ел адамдарының тілдерін тыңдауға, олармен қарым-қатынасқа түсуге, керекті мәтіндермен жұмыс істеуге қол жеткізеді. Интернет арқылы студенттер тілдік қарым-қатынасқа түсе алады. Сол сияқты, тілдік қорын дамыта алады. Осыдан жазу іскерлігімен дағдысын жоғары деңгейде қалыптастыра алады [4-5].

Ақпараттық жүйе ретінде, Интернет өз қолданушыларын жан-жақты ақпараттармен қамтамасыз етеді. Оған:

- электронды почта (e-mail);
- телеконференция (usenet);
- бейне-конференция;
- жеке үй парағын арнау (homepage) және оны Web-серверге кіргізу;
- анықтама каталогтары;
- іздену жүйесі (Alta Vista, Open Text);
- жүйеде сөйлесу (Chat).

Lucent Technologies компаниясының сайтында Bell Labs бөлімі шет тілінде әрбір сөздің қалай айтылатынын көрсетеді. Мұнда жазылған мәтінді дауыстап оқитын тілдік синтезатор орнатылған. Шет тілін оқытуда оқытудың жаңа технологиялары оқушылардың тілдік қабілетін дамытуға, сонымен қатар олардың шығармашылық белсенділігін арттыруда бірден-бір мүмкіндік жасайды.

Интерактивтік тәсілді қолдана отырып, оқытушы оқушының шет тілді меңгеруде белсенділігін арттырып, бірігіп жұмыс істеуге қол жеткізуге толықтай мүмкіндігі болады. Ресей ізденушісі Р.П.Мильруд интерактивтілікке берген анықтамасында - бұл "коммуникативтік мақсатта және тілдік құрал нәтижесіндегі бірлестік, координация және өзара толықтыру". Осы берілген анықтамаға сүйене отырып, сабақта оқытушы алға қойған коммуникативтік мақсатына жетудегі негіз - интерактивтік тәсіл деп айта аламыз.

Интернет арқылы оқушы грамматикалық, лексикалық, фонетикалық жаттығулар, оқуға және грамматикаға арналған тесттер, IQ-тесттерімен жұмыс істей алады. Бұндай жұмыстарды WWW (World Wide Web) сайтынан аламыз. City Net сайты арқылы оқушы қалаған шет елге саяхат жасай алады. Мысалыға, белгілі бір елдің ескерткіштерінен бастап, сол елдің табиғат ресурстары, өнер, білім т.б. білуге болады. City Net керемет жаңалық. Оқытушы студенттерді әр елдің туристі немесе саяхатшылар гиді роліне қоюына болады. Metro Link сайты арқылы оқушы дүние жүзіндегі ең үлкен қалалардағы метролар арқылы, олардың қандай бағыттарда жүретінін біліп, одан кейін белгілі бір бағытта қай жерде болатынын білуге мүмкіндік бар. Шет тілін оқытуда интернетті сабақта пайдаланудың негізгі артықшылығы сол жан-жақты ақпараттар алу. Интернетті сабақта пайдаланғанда шет тілінде электронды оқу курстарымен студент жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Шет тілін оқытуда бұл ел тану, әр түрлі энциклопедиямен танысуға мүмкіндік береді. Chat (ағылшын сөзі - "әңгіме") электронды поштаға шығу арқылы студент жүйеде басқа шет ел студенттерімен сөйлесе алады. Олар сөз қорларын кеңейтіп,

өз бетінше сабақ материалдарын таңдауға мүмкіндік алады. Электронды поштадан түскен мәтіндер студенттерге қиындық тудыруы мүмкін, бірақ олар тезірек мәтін мағынасын түсініп, тезірек жауап беруге қызығушылығын арттырады.

Қорытынды

Инновациялық технология - ақпараттандыру технологиясы жүйесінде арнайы білім болуды қажет етеді. Оқытушының студенттермен жұмысы олардың техникалық әдістермен жаңа жүйе арқылы жұмыс істеуін талап етеді. Бұның дұрыс шешімі - қызметкерлердің біліктілігін көтеруі (ИПК). Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар студенттерге түсініп оқу, тыңдау, жазу және сөйлеуде өз ойларын толық жеткізуге дағдыландырады, яғни тіл дамыту жұмысын іске асырады. Ақпараттандыру - инновациялық технологияның пайдаланылуы, өңделуі және олардың іс жүзінде көрінуі болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Дмитриева Е.И. Основная методическая проблема дистанционного обучения иностранным языкам через компьютерные телекоммуникационные сети Интернет //М., ИЯШ, 1998, №1, с. 27-32.
2. Андреев В.И. Проблемы педагогического мониторинга качеств. образования //М., Известия Российской академии образования, 2001, №1, 86-90.
3. Маткин В.А. Обоснование ценностно-синергетического подхода к подготовкам специалиста-профессионала //М., Вестник высшей школы, 1999, №6, с. 63-67.
4. Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка //М., ИЯШ, 2001, №2, с. 24-28.
5. Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка //М., ИЯШ 2000, №3, с. 34-37.

ЛОГИСТИКА НА ТРАНСПОРТЕ

УДК 339.19

**Бертаев Бегендык Смакович – ведущий специалист (Алматы, Филиал РГП «НацНИЦ по проблемам промышленной безопасности)
Муқанов Медет Амангельдыевич аспирант (Алматы, Каз НТУ
им. К.И. Сатпаева)**

КОНЦЕПЦИЯ СОЗДАНИЯ ЛОГИСТИЧЕСКОГО ЦЕНТРА, ДЕЙСТВУЮЩЕГО ПРИ ЧРЕЗВЫЧАЙНЫХ СИТУАЦИЯХ

Опыт показывает, что крупномасштабные чрезвычайные ситуации сопровождаются одномоментным возникновением большого количества пострадавших. В условиях проведения экстренных мероприятий по спасению пострадавших наряду с такими мероприятиями как: спасение пострадавших, оказание им экстренной медицинской помощи и др., доставка товаров первой необходимости, оптимальное распределение и информационное сопровождение является одним из основных компонентов необходимых действий со стороны органов управлений. Решать такие вопросы возможно создав логистические центры при возникновении чрезвычайных ситуации.